

18.09.2024 жыл

Қатысуға тиісті:

Қатысқан:

Күн тәртібі:

1. Кеңестің жаңа құрамын бекіту
2. 2024–2025 оқу жылына арналған кеңес жұмысының негізгі бағыттарын айқындау
3. Жылдық жоспарға толықтырулар енгізу

ОТЫРЫС БАРЫСЫ

Мекеме меңгерушісі Н. Есжанова 2024–2025 оқу жылының басталуына орай кеңестің жұмысын қайта жандандыру және жаңарту қажеттілігі туралы баяндама жасады. Ол кеңестің бұрынғы құрамы мен атқарған жұмыстарына қысқаша шолу жасап, жаңа оқу жылында кеңестің құрамын жаңарту қажеттілігі туындап отырғанын атап өтті. Атап айтқанда, педагогикалық ұжымға жаңа мамандардың қосылуы, ата-аналар тарапынан белсенділік танытқан азаматтардың бар болуы – кеңестің сапалық құрамын жаңартуға мүмкіндік беретіндігі айтылды.

Меңгеруші кеңес мүшелерін белсенділікпен жұмыс жасауға шақырып, жаңа оқу жылында тәрбие мен оқыту сапасын арттыруға, мекемедегі тәртіп пен талаптардың сақталуын бақылауға, балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған нақты мақсаттарды ұсынды.

М. Акимова әдіскер ретінде жаңа оқу жылының ерекшеліктеріне тоқталып, кеңес жұмысының мазмұнын байыту үшін қосымша бағыттар енгізу туралы ұсыныс жасады. Атап айтқанда, жылдық жоспарға экологиялық тәрбие бағытын жүйелі түрде енгізу қажет екенін айтып өтті. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру – бүгінгі таңда өзекті мәселе, балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін оятып, оны қорғауға үйрету – балабақша кезеңінен басталуы тиіс деді.

Кеңес мүшелері тыңдалған баяндамалар мен ұсыныстарды қолдай отырып, келесі ұсыныстарын ортаға салды:

- Кеңес құрамына белсенді педагогтар мен ата-аналар комитетінің өкілдерін қосу – кеңестің жұмысын тиімді жүргізуге ықпал етеді;
- Жыл бойына нақты және жүйелі жұмыс жоспары құрылуы тиіс;
- Экологиялық бағыттағы жұмыстарды ұйымдастыру – балалардың табиғатқа деген көзқарасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады;
- «Жас табиғат жанашыры», «Эко-бұрыш», «Табиғат – біздің досымыз» сынды жобаларды іске асыру ұсынылды;
- Балалармен табиғат аясында серуендер, бақшада көкөніс өсіру, гүл отырғызу жұмыстарын ұйымдастыру – тәрбиенің тәжірибелік тұстарын дамытады.

Қаулы:

1. Кеңестің жаңартылған құрамы бекітілсін.

- Кеңес құрамына жаңа педагогтар және ата-аналар комитетінің белсенді өкілдері енгізілсін.
- Кеңес құрамының жаңартылған тізімі арнайы бұйрықпен рәсімделсін.

2. 2024–2025 оқу жылына арналған кеңес жұмысының негізгі бағыттары төмендегідей бекітілсін:

- Оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру;

- Оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру;
 - Балалар қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау шараларын бақылау;
 - Ата-аналармен тиімді ынтымақтастық орнату;
 - Педагогтардың кәсіби дамуына жағдай жасау;
 - Экологиялық мәдениетті қалыптас...
4. Кеңес отырыстарын тоқсан сайын өткізу және әр отырыстың нәтижесі бойынша хаттама жүргізу міндеттелсін.

Төрайымы: *Т. Иманбердиева*
Хатшы: *А. Жармаханова*

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ № 2 ХАТТАМАСЫ

20.12.2024 жыл

Қатысуға тиісті:

Қатысқан:

Күн тәртібі:

1. Мекеменің материалдық-техникалық базасын жетілдіру жолдарын талқылау
2. Қажетті көрнекі құралдар мен ойын жабдықтарының тізімін анықтау
3. Демеушілік көмек тарту мәселесін қарастыру

ОТЫРЫС БАРЫСЫ

Мекеме меңгерушісі Н. Есжанова мекеменің материалдық-техникалық базасы — оқу-тәрбие процесінің сапасына тікелей әсер ететін маңызды фактор екенін атап өтті. Балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау үшін көрнекі құралдар, дамытушы ойыншықтар, интерактивті материалдар мен заманауи жабдықтар қажет екенін баяндады.

Мекемеде кейбір ойыншықтар мен дидактикалық материалдардың тозғаны, жаңа әдістемелерге сай құралдардың жетіспейтіні айтылды. Сондықтан демеушілік қолдау арқылы материалдық базаны жаңарту ұсынылды.

М. Акимова әдістемелік тұрғыдан қандай көрнекі құралдардың қажеттігін атап өтіп, топтарда жүргізілетін оқу іс-әрекеттерін жандандыру үшін түрлі логикалық, танымдық, сенсорлық құрал-жабдықтарды енгізу қажеттігін көтерді.

Кеңес мүшесі М. Бабашов пен ата-аналар өкілдері демеушілік көмектің маңыздылығын атап өтіп, белсенді қатысуға дайын екендіктерін білдірді. Төмендегідей ұсыныстар ортаға салынды:

- Әр топқа жаңа ойыншықтар, құрылыс материалдары мен үстел ойындарын сатып алу;
- Сенсорлық, тіл дамыту және математика бұрыштарын қажетті құралдармен жабдықтау;
- Мекеме ішінде көрнекілік бұрыштарын жаңарту (экологиялық, жол қауіпсіздігі, отбасы тақырыптары бойынша);
- Ата-аналар тарапынан демеушілікке тарту бойынша ақпараттық хат дайындау;
- Қайырымдылық жәрмеңкелер өткізу арқылы қосымша қаражат жинау мүмкіндіктерін қарастыру.

Қаулы:

1. Мекеменің материалдық-техникалық базасын жақсарту мақсатында қажетті құрал-жабдықтардың тізімі жасалсын.
2. Ата-аналар қауымдастығымен бірлесе отырып, демеушілік көмек тарту жұмыстары жүргізілсін:
 - Ақпараттық хаттар әзірленіп, ата-аналарға таратылсын
 - Әр топ бойынша қажеттілік тізімі жасалып, ашық түрде ұсынылсын
3. Қайырымдылық жәрмеңкесі немесе шығармашылық көрме өткізу арқылы қосымша материалдық қолдау ұйымдастырылсын.
4. Кеңес мүшелерінің бастамасымен жеткізілген ойыншықтар мен көрнекі құралдар актімен қабылданып, мекеме қорына тіркелсін.

Төрайымы:  Т. Иманбердиева
Хатшы:  А. Жармаханова

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ № 3 ХАТТАМАСЫ

15.03.2024 жыл

Қатысуға тиісті:

Қатысқан:

Күн тәртібі:

1. Ата-аналармен серіктестікті дамытудағы жұмыс нәтижелерін қарастыру
2. «Ата-ана мен балабақша – бірлікте» жобасының жүзеге асырылуын саралау
3. Ата-аналар белсенділігін арттыру жолдарын ұсыну

ОТЫРЫС БАРЫСЫ

Мекеме меңгерушісі Н. Есжанова ата-анамен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жүргізу мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын арттырудың маңызды факторы екенін атап өтті. Балабақша мен ата-ана арасындағы өзара сенім мен ынтымақтастық – баланың толыққанды дамуы мен қауіпсіз ортада өсуінің кепілі екенін айтты. Осы орайда мекемеде қолға алынған «Ата-ана мен балабақша – бірлікте» жобасы өз нәтижесін беріп жатқаны сөз болды. Жоба аясында ата-аналармен тығыз байланыста түрлі мазмұндағы бірлескен іс-шаралар ұйымдастырылып, балалардың шығармашылығы мен әлеуметтік дағдыларының дамуына оң ықпал еткенін баяндады.

М. Акимова әдіскер ретінде жоба аясында атқарылған жұмыстарға тоқталды. Атап айтқанда:

- Ата-аналардың қатысуымен «Отбасылық шығармашылық» көрмесі;
- «Әкемен бірге спорт» жарысы;
- Ашық есік күндері мен тренингтер өткізіліп, балабақша өміріне ата-аналар белсенді түрде тартылды.

Сонымен қатар ата-аналар арасында кері байланыс сауалнамасы жүргізіліп, олардың пікірлері мен ұсыныстары талданғанын жеткізді.

Кеңес мүшесі Б. Боздақбаев және ата-аналар комитетінің өкілдері жоба жұмысына оң баға беріп, ата-аналар белсенділігін одан әрі арттыру үшін келесі ұсыныстарын ортаға салды:

- Балабақшада «Ата-аналар клубы» жұмысын жүйелі ұйымдастыру;
- Әр топта «Аптаның ата-анасы» жобасын іске қосу – ата-ананың тәрбие процесіне араласуын арттыру мақсатында;
- Психологпен және медицина қызметкерімен бірлескен ақпараттық кездесулер ұйымдастыру (тәрбиелеудегі қиындықтар, бала саулығы);
- Ұлттық дәстүр мен құндылықтарды насихаттайтын отбасылық жобалар: «Шаңырақ шаттығы», «Отбасылық шежіре», «Бабалар мұрасы» т.б.



Ата-аналардан келіп түскен ұсыныстар:

- Ата-аналарға арналған шағын кітапша/брошюралар шығару (тәрбие әдістері, мінез-құлық проблемалары туралы кеңестер);
- Балалармен бірлескен шеберлік сабақтарын ұйымдастыру (колөнер, аспаздық, экобұйым жасау);
- Отбасылық фотокөрме немесе бейнежазба байқаулары өткізу.

Қаулы:

1. «Ата-ана мен балабақша – бірлікте» жобасы нәтижелі деп танылсын және әрі қарай жалғастырылсын.
2. Жоба аясындағы келесі іс-шаралар жоспары жасалып, тоқсан сайын нақты шаралар өткізіліп отырсын:

- Отбасылық шығармашылық кештері
 - Тәрбиешілер мен ата-аналар бірлескен оқыту/тәрбие сағаттары
 - Психологпен ата-аналарға арналған кеңестер мен тренингтер
3. Ата-аналар белсенділігін арттыру үшін:
- «Аптаның ата-анасы» жобасы енгізілсін
4. Ұсыныстар хаттамамен рәсімделіп, келесі отырыста орындалу нәтижесі қаралсын.

Төрайымы:  Т. Иманбердиева
Хатшы:  А. Жармаханова

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ № 4 ХАТТАМАСЫ

16.05.2024 жыл

Қатысуға тиісті:

Қатысқан:

Күн тәртібі:

1. Кеңестің 2024–2025 оқу жылындағы жұмысына шолу
2. Әр бағыт бойынша қорытынды талдау
3. Келесі оқу жылына арналған жаңа жоспар мен ұсыныстарды қабылдау

ОТЫРЫС БАРЫСЫ

Мекеме меңгерушісі Н. Есжанова оқу жылы бойында кеңес тарапынан атқарылған жұмыстарды қорытындылап, олардың нәтижелері мен тиімділігін атап өтті. Жыл ішінде балабақша мен ата-аналар, педагогтар арасында бірлескен жұмыстар жанданып, балалардың тәрбиесіне, қауіпсіздігіне, әлеуметтік-эмоционалдық дамуына бағытталған нақты істер жүзеге асқаны баяндалды.

М. Акимова кеңестің әр отырысында қабылданған шешімдер мен қаулылардың орындалу барысы жайында есеп берді.

Атап айтқанда:

- Қыркүйек айындағы отырыста кеңестің жаңа құрамы бекітіліп, экологиялық бағыт қосылған; 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына төмендегідей бағыттар енгізілсін:

- «Балалардың эмоциялық тұрақтылығын дамыту» жобасы
- «Ұлттық мұра – ұрпаққа аманат» тәрбие бағыты
- «Ата-ана мен бала: бірлескен даму кеңістігі» онлайн-платформасын құру
- Экологиялық тәрбие бойынша «Жас табиғат жанашыры» жобасын жалғастыру

Келесі оқу жылына арналған кеңес құрамын, жұмыс бағытын нақтылау туралы отырыс 2025 жылдың қыркүйек айына белгіленсін.

Кеңес оқу жылы бойы жоспарлы, жүйелі жұмыс атқарып, балалардың жан-жақты дамуына оң ықпал еткен жобаларды іске асырды. Жаңа оқу жылына нақты ұсыныстар жасалып, бағыттар белгіленді. Кеңес мүшелері келесі кезеңде де белсенді қызмет атқаруға дайын екендерін білдірді. Кеңес мүшелері жыл бойы атқарылған жұмыстарға оң баға беріп, келесі оқу жылына жоспар құруда назар аударылуы тиіс бірқатар мәселелерді ортаға салды:

- Санитарлық-гигиеналық жағдайларды жақсарту және балалар денсаулығын бақылау (медицина қызметкерінің есебі тыңдалды);
- Психолог тарапынан жүргізілген диагностика нәтижелері негізінде эмоциялық даму бағытын күшейту қажеттілігі;
- Экологиялық жобаларды жалғастырып, балалардың табиғатпен байланысын арттыратын белсенді әдістерді қолдану;
- Ата-аналармен жұмысты жаңа форматта (цифрлық платформалар, интерактивті тапсырмалар, онлайн кеңестер) жалғастыру ұсынылды;
- Балалардың ұлттық тәрбие мен салт-дәстүрге қызығушылығын арттыру үшін арнайы жобалар енгізу ұсынылды («Ұлттық құндылықтар апталығы», «Дәстүр сөйлейді» жобасы).

Қаулы:

1. Кеңестің 2024–2025 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Кеңес жұмысына белсенді қатысқан педагогтар мен ата-аналар комитетіне алғыс білдірілсін.

Төрайымы:  Т. Иманбердиева

Хатшы:  А. Жармаханова